



№8 (9998)
27 қаңтар
сенбі
2024 жыл

Жалдағаш жаршысы



«zhlagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Өңір жаңалықтары АӘК алушылар азайған

Өңірде атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны айтарлықтай төмендеген. Мәселен, былтыр атаулы әлеуметтік көмек алушы азаматтардың шын мұқтажына тексеріс жүргізіліп, арнайы мониторинг ұйымдастырылды. Нәтижесінде аталған жәрдемақыны алушылар саны 14 407 адамға азайған. Сәйкесінше біздің облыс республика көлемінде екінші орынға тұрақтады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабаев хабарлады.



— 2023 жылы 9 мыңнан астам азаматқа 4,6 млрд теңге көлемінде атаулы әлеуметтік көмек төленді. Ал жекелеген санаттағы 40 мыңнан астам адамға жергілікті өкілетті органдардың шешімімен тиісті қаржылай көмек берілді. Бұдан бөлек халықтың осал топтарынан шыққан 460 студенттің оқу ақысына берілетін әлеуметтік көмек көрсетілді. Сонымен қатар бюджеттен тыс көздерден көмекке мұқтаж көпбалалы отбасыларға, мүгедек және жалғызбасты қарт кісілерге қайырымдылық шаралары көрсетілді. Бұл игі шаралар биыл да жалғасын табады. Өңірде 33 мыңнан астам мүгедектің бар азамат тіркелген. Әлеуметтік қызмет көрсету саласын жаңғыртудың бір бағыты — мүгедектің бар адамның отбасы мүшелерін әлеуметтік қызмет көрсетуге тарту. Тиісінше жұмыссыз отбасы мүшесі жеке көмекші ретінде тіркеліп, оған қызмет көрсеткені үшін еңбекақы алады. Осылайша облыс бойынша 2 500-ге жуық адам жұмыспен қамтылған халық санатына енді. Тағы бір айта кететін жайт, оналтудың жеке бағдарламасына сәйкес, мүгедектің бар адамдар қажетті техникалық құралдармен қамтамасыз етілуде. Биыл да осы жұмыс жүйелі түрде жүргізіледі, — деді басқарма басшысы.

Айта кетейік, қоғамдық орындарда мүгедектің бар азаматтардың ыңғайлы жүруі үшін облыстағы 366 инфрақұрылым нысанына қайта жөндеу жұмыстары жүргізілген. Нәтижесінде республикалық қолжетімділіктің интерактивті картасына енгізілді.

Жұмыссыздық 4,8 пайызға төмендеген

Аймақта жұмыссыздық деңгейін төмендету мақсатында мемлекеттік бағдарламалар өз тиімділігін көрсетіп келеді. Соның бірі — оңтүстіктен теріскейге бет алып, бос жұмыс орындарына орналасқан қызылордалықтар көбеюде. Мәселен, былтырдың солтүстік аймаққа 117 отбасы қоныс аударған. Биыл да солтүстік өңірлердің бос жұмыс орындарына арналған жәрмеңке өткізілді. Сондай-ақ қоныс аударған азаматтар арасында грант ұтып, несие алған жандардың өндірген өнімдеріне арналған үлкен көрме өткізу жоспарланып отыр. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабаев мәлімдеді.

— Былтыр облыста 86 бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізіліп, 9 155 бос жұмыс орны ұсынылды. Нәтижесінде 3 799 адам тұрақты және уақытша жұмысқа орналасқан. Жалпы аймақта жыл сайын Солтүстік өңірлердегі бос жұмыс орындарына арналған жәрмеңкелер тұрақты ұйымдастырылып келеді. Былтыр өңірден теріскейге 425 адам, яғни 117 отбасы қоныс аударды. Соның ішінде 146 адам тұрақты жұмысқа орналасып, баспанамен қамтылды. Облыста жұмыссыздық деңгейін төмендету бағытында да ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Тиісінше өңірдегі жұмыссыздық деңгейі 4,8 пайызға төмендеді, — деді Ғабит Жаңабаев.

Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,5 пайызға тұрақтаған. Сонымен қатар 2023 жылы «Жұмыспен қамтудың өңірлік жол картасы» бағдарламасы шеңберінде 52 389 жұмыс орны ашылса, субсидияланған жұмыс орындарына 16 мыңнан астам адам жолданған. Мемлекет басшысының 10 мың адамға 100 жаңа жұмыс орнын құру тапсырмасына сәйкес 12 916 жұмыс орны құрылды. Әлеуметтік осал топтағы азаматтардың да тұрақты жұмыспен қамтылуы да басты назарда. Осыған орай аталған санаттағы 1 529 адам қайтарымсыз грант алып, өздерін жұмыспен қамту мүмкіндігіне ие болды. Бұдан бөлек екі мыңнан астам мүгедектің бар азамат тұрақты және уақытша жұмысқа орналасты. Ал 234 адам қайтарымсыз грант алса, 964-і «Бастау бизнес» және қысқамерзімді курстардан өткен.

«ЖЖ» ақпарат

Оң шешім

Электронды темекі келмеске кетті

Бүгінде тек қала жастары ғана емес, ауыл жастары да электронды темекіге әуестенгені жасырын емес. Қоғамдық орынға бара қалсаң, қолыңдағы ұялы телефон секілді затты аузына тосып, демі таусылғанша тартып жатқан азаматтарды жиі байқайсың. Бұдақтап шыққан көк түтіні бұрынғы моржасы бітелген пештей жан-жағын ұлайды. Иісі де жағымсыз. Бірақ не сиқыры бар екенін білмеймін, сол бұйымға әсіресе жастар ерекше құмартты. Заманның сәні ме, әлде құрамында адамды еріксіз өзіне баурайтын улы нәрсе бар ма, түсініксіз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жастармен кездесуінде электронды темекіге әуестеніп бара жатқан оқушылар туралы сөз қозғаған болатын. «Қазір ересектердің ермегіне айналған электронды темекіге оқушылар да әуестеніп барады. Мұндай темекіні балалар дүкеннен еш кедергісіз сатып алады. Бұл — қауіпті жағдай» деді Президент.

Мұны Денсаулық сақтау министрлігінің шылым шегу бойынша жүргізген мониторингтің есебі дәлелдейді. Мәліметке көз жүгіртсек, соңғы төрт жылда бір реттік шылымды сатып алатын 12 мен 15 жас аралығындағы жеткіншектер саны үш есеге артқан. Бұл дегеніңіз әрбір мектептегі 15 пайыз ұл, 6 пайыз қыз электронды темекімен әуестенгенін көрсетеді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ақпаратына сүйенсек, шылым шегу салдарынан жыл сайын жаһанда 8 миллионнан астам адам қайтыс болады. Ал елімізде шылымның кесірінен жыл сайын 18 мыңға жуық адам көз жұмады екен. Өйткені темекі өкпенің қатерлі ісігі, өкпенің созылмалы обструктивті ауруы, демікпе, қан айналым жүйесі аурулары, жүрек-қан тамыры аурулары, артериялық гипертония, қан тамыры ауруларын тудырады. Бұған қоса ағзаның



инфекциямен күресу қабілетін төмендетіп, иммундық жүйеге кері әсер етеді. Десе де қолжетімді бағада сатылады.

Бұл темекілердің түрлі атаулары да бар екен. Мәселен, қыздырылатын табак айкос, glo және вейп деген түрлері бар, бағасы 2 мың теңгеден аспайды. Бір қызығы, бұл бұйымға әуестенгендер кәдімгі темекіге қарағанда никотин аз деген тұжырым ұстанады екен. Алайда ДСҰ мамандары бұл түсініктің жалған екенін әлдеқашан жар салып, айтақан болатын.

Өйткені вейптің қаптамасында көрсетілгеніне қарағанда әлдеқайда көп никотин бар екен. Сұйық түрдегі химиялық қоспа ауыз ұртында тез соғылып, қан жүйесіне бірден түседі. Бұл миды никотинмен улау деген сөз. Тіпті вейпті қолданатын балалар өсінен танып, құлауы мүмкін. Вейпті шегетін

ересектерде никотинге деген тәуелділік одан әрі артады. Орташа есеппен әрбір вейпте 6-62 мг дейін никотин бар. Ал айкос пен glo — қыздырылған табак өнімі. Оның ішінде никотин 6 мг дейін болуы мүмкін. Мұның кәдімгі темекіге қарағанда никотин аз деп айтып жатады. Бірақ олардың құрамында көп мөлшерде никотин бар.

Оның үстіне бұл өнімдер электронды шылымды шегушінің ғана емес, оның айналасындағы адамдарға да зиянын тигізеді. Әсіресе балалар темекі түтінінен тез ұланып, түрлі ауруға шалдығыуы өбден мүмкін. Сондықтан ДСҰ электронды темекілер зиянсыз деген тұжырыммен келіспейді.

Сәрсенбіде ҚР Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында депутаттар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақ-

тау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын екінші оқылымда қабылдады. Заң жобасында вейптерді өкелуге, өндіруге, сатуға және таратуға толық тыйым салынады. Денсаулық сақтау мәселелері бойынша түзетулер тұжырымдамасынан тыс темекі өнімдерін тұтынуды шектеу нормалары да қарастырылған. Олардың заңсыз айналымы үшін қылмыстық жауапкершілік енгізіледі. Нақтырақ айтсақ, сатқаны үшін ең жоғары жаза 50 тәулікке дейін қамауға алу, ал өкеліп, таратқаны үшін 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру, қылмыстық топ жасаған не аса ірі мөлшерде жасалған, бірнеше рет жасалған әрекеттер үшін 5 жылға дейін мерзімге бас бостандығынан айыру көзделген.

Жандос ЖАЗКЕН

Айтпайын десең...

Алматыдағы жер сілкінісі яки саудагерлердің ашкөздігі

Бәріміз білетіндей, 23 қаңтар сағат 00.09-да Алматы қаласында 5 балдық жер сілкінісі болған. Тұрғындар баспаналарын тастап, бас амандықтары үшін тіпті жылы киімдерін кимей, жанталаса шықты. Кейбірі қала шетіндегі ауылдарға шығып, такси шақыртқан. Тұн ортасы демей аз уақытта Алматы көшелерінде кептеліс орын алды. Жағдайды пайдаланған көлік жүргізушілері мен дүкен сатушылары бағаларды шарықтатып қойғанын естіп, көңіліміз құлазыды. Осындайда шетелде бір оқыс оқиға орын алса, көңіл айтып, жылу жинауға құмартатынымыз еске түседі. «Сонда қалай?» дейсің ғой іштей...

ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің сейсмикалық байқау және зерттеу ұлттық ғылыми орталығының мәліметінше, жер сілкінісінің эпицентрі Алматының оңтүстік-шығысынан 264 шақырым жерде, Қазақстан мен Қырғызстан шекарасында жер дүмпуінің магнитудасы 6,7 көрсеткішінде болған. Жалпы жер сілкінісінен кейін 44 адам медициналық қызметке жүгінді.



Олардың арасында бас жарақаты, соғылу, аяқ-қолдың созылуы сияқты жеңіл және орташа ауырлықтағы түрлі жарақаттары бар. Оның көбісі көпқабатты ғимараттардан шығып жатқан тұрғындар арасындағы екінің, үшінші қабаттан сөкіргендер екен.

Иә, желіде тараған бейнетүсірілімдерден халықтың қорқып қалғанын,

тіпті бәрідерлік жұқа киіммен үйлерін тастап далаға шығып кеткенін байқауға болады. Ал дәл осыны пайдаланған такси жүргізушілері бағаны өсіріп, пайда көрмекші болған. Мәселен, Алматы-Ұзынағаш бағытындағы такси бағасы жер сілкінісіне дейін 9 000 теңгені құраса, кешегі жағдайда баға шарықтап 25 000-40 000 теңге ара-

лығына дейін көтерілгені жайында ақпарат тарап, тіпті суреттерін қарапайым халық ашына әлеуметтік желіге жариялағанын көріп жатырмыз. Жарайды, мұны қалаңның сырты дейік, бірақ ішіндегі такси бағасы да қанша есе көтерілді десеңші...

ЖАЛҒАСЫ 3-БЕТТЕ.

Актив

Кадрлық өзгеріс: Қос бөлімнің басшылары тағайындалды

Бейсенбіде аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен актив отырысы өтті. Жиында Ардақ Әбдіғалпарұлы кадрлық өзгерістерге тоқталып, әріптестеріне қос бөлімнің жаңа басшыларын таныстырды.

Айта кетейік, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» ҚР Заңына және конкурстық комиссияның шешіміне сәйкес, аудан әкімінің өкімімен Нұрсұлтан Маратқызы аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы лауазымына тағайындалды. Ауданның экономика саласында өзіндік қолтаңбасы бар білікті маман еңбек жолын 2001 жылы «Наурыз Банк Қазақстан» аудандық фи-



лиалында бастаған. 2003-2005 жылдары «Облыстық сәулет-жоспарлау орталығы» аудандық өңшілес мемлекеттік кәсіпорнында бухгалтер, 2005-2006 жылдары аудандық экономика және қаржы бөлімінде жетекші маман, 2006-2011 жылдары аудандық қаржы бөлімінде бас маман, сектор меңгеруші, 2011-2023 жылдары аудандық қаржы бөлімінің басшысы қызметтерін абыроймен атқарған.



Былтырдан бері аудандық экономика және қаржы бөлімі басшысының орынбасары қызметін атқарған ол енді осы бөлімнің тітігін қолға алды. Ардақ Әбдіғалпарұлы салаға саналы ғұмырын сарп еткен білікті кадрдың алдағы уақытта да аудан экономикасына серпін беретініне сенім білдіріп, қызметіне сәттілік тіледі.

Осы біліміңіз бен тәжірибеңіз арқылы бюджет қаражатын дұрыс жоспарлап, оның тиімді жұмсалудың аудан бюджетінің атқарылуына мониторинг жүргізуді, аудан әкімінің іс-қимыл жоспарын әзірлеп, сондай-ақ негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етуді тапсырамын. Сонымен қатар аудан бойынша мемлекеттік сатып алудың мониторингін жүргізіп, коммуналдық мүлкі басқару, оны қорғау жөніндегі шараларды тиімді жүзеге асыруыңыз қажет. Өзіңіздің мемлекеттік қызметтегі, оның ішінде басқарушы лауазымдардағы тәжірибеңіздің арқасында функционалдық міндеттеріңізді кәсіби деңгейде атқарады деп сенемін, – деді аудан әкімі.

Актив отырысында аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы

бөлімінің басшысы да белгілі болды. Аталған бөлімді бұдан былай Ғалымжан Қайназаров басқарады. Еңбек жолын мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының шаруашылық жөніндегі меңгерушісі болып бастаған ол 2011-2015 жылдары облыс бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаментінің инспекторы, бас инспекторы, 2017-2018 жылдары облыс әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс және аймақтық даму бөлімінің маманы, 2018-2020 жылдары облыстық Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау инспекциясының бөлім басшысы, 2020-2021 жылдары Сырдария аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы, 2021-2022 жылдары ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті Лицензиялау мен аттестаттауды мониторингтеу және бақылау басқармасының сарапшы-мемлекеттік құрылыс инспекторы қызметтерін абыроймен атқарған. Сондай-ақ Қызылорда қаласы әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бас инспекторы, Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы, 2022 жылдан бүгінге дейін Қызылорда қаласы әкімі аппаратының жұмылдыру дайындығы, аумақтық қорғаныс және құқық қорғау органдарымен байланыс бөлімінің басшысы қызметін атқарған.

Жиында Жалағаш кенті ардагерлер кеңесінің төрағасы Қ.Құлмахан бұл саланың үлкен жауапкершілікті қажет

ететінін қаперге салып, білікті маманның алдағы жұмысына сәттілік тіледі. – Ауданда бұл саланы басқарған азаматтар артында үлкен із қалдырды. Осыдан бірнеше жыл бұрын салынған үлкен ғимараттар бар. Олардың өлі күнге дейін сапасының сыр бермеуі сол кездегі сала қызметкерлерінің жұмысқа жауапкершілікпен қарағанын аңғартады. Жаңа еңбек жолымен таныстық, бірқатар салада қызмет атқардың, алдағы жұмысына сәттілік тілейміз. Аға буынның ізін жалғап, ауданның ажарын айшықтап, қажетіне жарайтын нысандардың бой көтеруіне қызмет етеді деген сенімдемін, – деді ол.

Мұнан кейін Ардақ Әбдіғалпарұлы да ауданда биыл салада бірқатар жоба қолға алынатынын жеткізіп, мейлінше олардың сапасы жеті бақылауда болуы қажеттігін қаперге салды.


Мырзабай ахун, Мақпалкел Аламеке ауылдық округтерінде электр желілерінің жөндеу, халықтың өлеуметтік жағынан осал топтарына тұрғын үй қорынан 5 тұрғын үй сатып алу, Жалағаш кентінің бас жоспарына және Бұқарбай батыр, Мәдениет, Есет батыр елді мекендердің дамуы және салу схемаларына түзетулер енгізу, сондай-ақ Жалағаш кентіндегі құрылыс салынған аумағындағы жерасты және жерүсті инженерлік желілерін түгөндеу жұмыстары жүргізілетін болады. Аталған жұмыстарға бюджеттен тиісті қаражат бөлінген. Ендігі кезекте осы жұмыстардың сапасына қатаң бақылау орнатып, мерзімінде аяқтау жөнінде қажетті шаралар қабылдауды тапсырамын. Бұл жұмыстарды атқаруға біліміңіз де, тәжірибеңіз де жеткілікті деп есептеймін, – деді Ардақ Ибраимов.

Ерлан ӨНУАРҰЛЫ

Брифинг

Қызылорда облысы бойынша жыл басынан бері көкжөтел ауруының зертханалық дәлелденген 3 жағдайы тіркеліп отыр. Ал 2023 жылы бұл сырқат түрімен 1 жағдай анықталған. Мамандар барлығы балалар және көкжөтелге қарсы екпе алмағандар екенін айтады. Аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Гүлзираш Айымбетова да БАҚ өкілдерімен өткен брифингте індеттің алдын алуда екпенің маңыздылығына мән берді..

Спикердің айтуынша, көкжөтел – балаларда жиі кездесетін және жылдам таралатын тыныс жолдарының жұқпалы ауруы. Науқас бала жөтелгенде бактериялар оның демі мен қақырығы арқылы ауаға тарап, ауру сау балаға жұғады. Сонымен қатар сырқат баланың пайдаланған ойыншығы, ыдысы арқылы да жұғуы мүмкін. Ауданның бас санитары Гүлзираш Айымбетова көкжөтел ауруының белгілеріне де тоқталып өтті. – Көкжөтелдің пайда болу себептері бактерия жөтелгенде немесе сөйлегенде бөлінетін сілекей арқылы жұғады. Сондықтан бұл ауруды науқаспен байланыста болған барлық адамдар жұқтыруы мүмкін. Әсіресе көкжөтел балабақшада жылдам таралады. Ал ересектерде кейде бұл ауру еш белгі бермейді, бірақ олар тасымалдаушы болады. Көкжөтелге қарсы туа біткен иммунитет жоқ, сондықтан оны кез келген адам жұқтырып алуы мүмкін. Әдетте көкжөтел 6-7 аптаға созылады. Аурудың жасырын кезеңі 2-15 күннен 5-7 күнге дейін созылады. Алғашқы кезде бала жөтеледі. Мұрны бітіп, ұйқысы қаады, дене қызуы 38,5-39°С-қа дейін кө-



3 жағдай анықталған

теріліп, тамаққа тәбеті болмайды. Бірте-бірте жөтел күшейеді, әсіресе түнге қарай жиі жөтелген кезде бала булығып қысылады. Қызырып-көгеріп, көзінен жас ағып, кейде кіші дәретін де ұстай алмай қалады. Жөтел қақырды түскеннен кейін басылады. Бұл кезең 2 аптаға, кейде 2 айға дейін созылады. Содан кейін көкжөтелдің беті қайтып, тұнықпалы жөтел азаяды, бала 2-3 апта жей жөтеліп жүреді де, бірте-бірте аурудан айығады, – деді Гүлзираш Айымбетова.

Басқарма басшысының айтуынша, көкжөтел ауруымен 7 жасқа дейінгі балалар, көкжөтелге қарсы екпе алмағандар және жұқпалы тасымалдаушымен үнемі байланыста болғандар тез ауырады. Кез келген жұқпалы аурудың алдын алудың ең тиімді әдісі – екпе егу. – Ұлттық вакцинация күнтізбесіне сәйкес, сәбилерге қойылатын алғашқы вакциналардың бірі – АҚҚДС, ба-

ларды 3 аурудан, яғни дифтерия, сіреспе және көкжөтелден қорғайды. Көкжөтелге қарсы ҚР ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес аурудың алдын алу үшін 2,3 және 4 айлығынан бастап балаларға жоспарлы профилактикалық екпелермен қамту жұмыстары жүргізіле бастайды. Одан әрі қарай бала 1 жас 6 ай және 6 жасқа толған кезде ревакцинация, яғни қайталап егу жүргізіледі. Көкжөтел ауруының асқынуды тыныс жолдарының, мидағы қан айналымының бұзылуына және баланың басқа да организмне қауіпті ауруларды әкелуі мүмкін. Бір жасқа дейінгі емізгілі балалар үшін көкжөтел ауруы қауіпті, сондықтан ауруға қарсы екпені мүмкіндігінше белгіленген мерзімде алуға кеңес береміз, – деді Гүлзираш Айымбетова.

Айта кетейік, жыл басынан бері бұл инфекцияға қарсы екпе алмаған балалар арасында да көкжөтел ауруы көбейген. Мәселен, елімізде 159 көк-

Ақтоты БҰРҚТБАЙ

Сапар

Ардақ Ибраимов, аудан әкімі:

Әлеуметтік нысандар

әлеуметке қызмет көрсетуге лайық болсын

Кеше аудан әкімі Ардақ Ибраимов Жалағаш кентінде орналасқан нысандарды аралап, дербес бөлім мекемелердің жұмыстарымен танысты. Алдымен құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің ғимаратымен танысып, бөлім басшысына сапалы қызмет көрсету үшін жақсы ғимараттың қажет екенін ескертті. Алдағы уақытта кент орталығынан халыққа қолайлы жерге көшу қажеттігін жеткізді.



Аудан тұрғындарын салауатты өмір салтын ұстануға жетелейтін «Б.Құлтекенов» атындағы жабық бассейнді қызмет сапасы Ардақ Ибраимовтың назарынан тыс қалмады. Ел игілігіне салынған жаңа ғимаратты ұқыпты, күтіп ұстаумен қатар жаттығу залын сапалы спорттық жабдықтарымен қамтамасыз етуді тапсырды.

Мұнан кейін аудан әкімі Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мен «Мансап» орталығында болды. Халық үшін қазіргі таңда өзектілігі жоғары нысан басшылары мен мамандарына маңызға ие салада сапалы қызмет көрсету үрдіске айналмау қажеттігін айтты.

Жалағаш кенті Желтоқсан көшесіндегі еңселі ғимараттардың бірінде қазіргі таңда Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, Кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімдері бірге орналасқан. Аталған нысанның қаскелбетін қалпына келтіру үшін, ішкі жаңалау жұмыстарына жоба-металдық құжаттар әзірлеу тапсырылды. Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі де аталған ғимараттың сол жақ бөлігінде жұмыс жасауда.

Аудан әкімі туған жердің тұғырын биік ұстап, талай додада топ жарып жүрген жас өрендердің мекеніне айналған Мәдениет және спорт бөлімінің, Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйі мен «Руханият» орталығының жұмыстарына оң бағасын берді. Бұл тұста «Наркескен» спорт клубына демеушілік есебін жасалып жатқан оң өзгерістерін ерекше айтып өтті. Сондай-ақ Жалағаш аудандық жастар ресурстық орталығынан қоғамның қозғалуы күші саналатын жастардан жақсылыққа бастауда жаңа жобалар мен ұтымды ұсыныстар күтетінін жеткізді.

Жуырда ғана жөндеу жұмыстары жасалған Жалағаш кенті әкімі аппараты мен «Жалағаш жаршысы» газетінің ғимараттарына табан тіреген Ардақ Ибраимов ақпараттық дөңдеу «Жалағаш жаршысы» газетінің ерекше маңызына ие екенін айтты. Сондай-ақ аудандық сайлау комиссиясы орналасқан ғимаратқа да арнайы барған Ардақ Әбдіғалпарұлы бұл нысандағы бөлімдер жұмысымен де танысты. Ал аудандық экономика және қаржы бөлімінің ғимаратына жөндеу жұмыстарын жасау қажеттігін жеткізді. Нысандарды аралау барысында айтылған тапсырмалардың уақытылы орындалуы сала бойынша жауапты аудан әкімінің орынбасарларына жүктелді.

Сақтансаң, сақтайды

Қауіпсіздік қаперде болсын



Кеше аудан әкімінің орынбасары Фани Сұлғайынов пен сала бойынша жауапты бөлім басшыларының қатысуымен кәсіпорындарда қауіпсіздікті сақтау, азық-түлік бағаларын негізсіз өсуін қадағалау мақсатында мониторинг жұмыстары жүргізілді. Олар аудан дүкендеріндегі азық-түлік бағасымен танысып, дүкен иелеріне бағаны негізсіз өсіруге жол бермеу қажеттігін ескертті.

Қазіргі таңда «Ақниет-2» көтерме сауда дүкеніндегі өлеуметтік бұрышта 5 түрлі азық-түлік тауары сатылуда. Атап айтқанда, 1 келі ақ күрші 465, 1 келі қарақұмық жармасы 290, 1 келі қант 350, 1 литр өсімдік майы 470, 1 келі тұз 40 теңгеден сатылуда. Алдағы уақытта да өлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағаларын тұрақтандыру мақсатында жұмыстар жүргізіледі.

Сала басшылары кәсіпкерлерге тазалық жұмыстарына қатысты ескертулер айтып, өртке байланысты қауіпсіздік ережелерін сақтауға шақырып, талаптарын да атап көрсетті. Былтыр аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің жүргізген профилактикалық түсіндірме жұмыстарына қарамастан 44 өрт оқиғасы орын алған. Оның 4-еуі кәсіпкерлік нысандардың үлесінде.

Қауіпсіздік шараларын күшейту үшін төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы ең алдымен әр кәсіпкерлік нысанда міндетті түрде жұмысқа жарамды алғашқы өрт сөндіру құралдарының және өрт болған жағдайда адамдар мен құнды заттарды көшіруге арналған эвакуациялық сызбалары, өрт дабылы болу қажеттігін айтып өтті. Сондай-ақ бұл талаптар орындалмаған жағдайда ҚР ӘҚБтК-нің 410 бабына сәйкес ескерту жасалады, егер бір жылда тағы қайталана, 20-100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады.

Айта кетейік, қазіргі кезде интернет алақаттық та көп таралуда. Осыған байланысты аудан прокуратурасының қызметкерлері алақаттардан сақтану жайында түсіндіріп, олардың көп кездесетін түрлерін де атап өтті. Қазіргі таңда жалған түбіртек көрсетіп, кәсіпкерлерді алдайтындар да көбейген. Бұл жағдайлардан сақтану үшін ғимарат ішіне арнайы камералар орнатып, сатып алушылардан төлемді қолма-қол немесе арнайы аппарат арқылы алу қажеттігін атап өтті. Алдағы уақытта да өлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағаларын тұрақтандыру мақсатында және ғимараттардың қауіпсіздігіне байланысты жұмыстар жүргізіледі.

Кеше түсен кейін аудан әкімінің төрағалығымен өткен жиында да осы мәселелер пысықталды. Аудан басшысы Ардақ Ибраимов кәсіпкерлерді, жалпы іс бастайтын деген азаматтарды мемлекет қашанда қолдайтынын жеткізіп, қауіпсіздік талаптарын сақтау қажеттігін қаперге салды.

Мемлекет қашанда сіздерді қолдауға әзір. Мемлекеттік бағдарламалардың қолға алыну себебі де сол. Сіздерді жан-жақты қолдауға дайынбыз. Бірақ адам өмірі бізнен қымбат екенін баршаңыз түсінудіңіз керек. Осы ретте қауіпсіздік талаптары сіздерге де ортақ екенін қаперден шығармаңыздар. Кәсіпорындар барлық қауіпсіздік талаптарына сай болуы керек, – деді Ардақ Әбдіғалпарұлы.

«ЖЖ» ақпарат

Көшпелі халықтың қысқы өмірі

Қазақ елінің өмірінде аса маңызды рөл атқарған көшпелі мәдениет бірден қалыптаспады. Оның астарында ұзақ уақытқа созылған революция мен даму бар. Қазақтардың жылдар бойы қалыптасқан көшпелі өмірі табиғат аясымен байланыса өрбіген. Көктеу, суат, жайлау, күзеу және қыстау туралы не білеміз? Малшылардың қысқы өмірі қалай өтеді?

Көктеуде ауыл төлдеген малдың төлі отығып, аяқтанғанға дейін отырады. Қар ери суы бар жерге – суатқа келіп қонады. Қыстау мен көктеудің немесе суаттың арасы жақын болады. Күн жылына қыркымын кейін (қойды қырып, түйе мен тайдың жал-құйрығын күздей) төлді пішеді. Сосын жаз жайлауға көшу басталады.

басталып кетеді. Көш алдында түйені қомдайды, атты тағалап ерттейді. Түйенің мұрнын тесіп, бұйда ағаш өткізеді. Оған жіп тағады. Сол арқылы жетелейді және байлайды. Ал тайыншаның мұрнын тесіп, сірге тағады. Ол енесін емізбеу үшін жасалатын шара. Өгізді де мұрынан жіп тағып жетелейді. «Бүддіршін көзін

жабады. Малшылар қосы кейде қыстауға жақын күнгей беттерге келіп біраз ай ықтап, қыстайды. Онда да қора салып, қатты суықтан тасалайтын орын дайындайды. Күз соңы жем-шөпті қыстауға тасиды. «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай, Қыстың біреуі ерте, біреуі жай. Ерте барсам жерімді жеп қоям деп, ықтырма мен күзеуде отырар бай» деп Абай атамыз айтқан осы кез.

Ауыл жұлдызшыларының болжамын негізге алады. Ауыл қариялары аспандағы жұлдыздың, аң-құс пен малдың қимыл өзгерісінен алдағы ауа райын біліп отырады. Мысалы, ай шалқайып туса, күн суық болады. Үркер суға ерте түссе, қыс ерте басталады. Осылайша үлкендермен ақылдаса отырып, қалың қарға ұрынбай қыстауға көшіп үлгереді. Қыстау көбінесе ойға жақын, жалтаң, желге ық болатын және адырлардың күнгей бетіне бытырай орналасады.

Кей қыстаулар ішетін суды қардан ертеді. Қар түскенде көшіп келетіні содан. Ер азамат түздің, әйел қауымы отбасының ісін екенін осы қара қос пен қараша үйден сезінесіз.

Інген 3 жасынан бастап боталайды. Қайығаннан кейін 14 ай іш көтереді. Ал бұра 5-6 жасында келеге түсіп, бір маусымда жиырмадан астам інгенді қайыра алады.

Бураның күйі қыста келеді. Күйі келген кезде аузынан ақ көбініп шашып, желкесін иығына соғып, артқы шабын құйрығымен ерсілі-қарсылы сабап, тыныштық таппайды. Мұндай кезде бұра адамға да айбат шегіп, шабуыл жасауы мүмкін.

Қансонар

Ыстық үйде буын бүркыратып, етті асып отырған ауыл әр күні келген қонақтан үзілмейді. Аңшылар да бүркіттерін баптап, ырағқа отырғызады. Қырбақ қар жауып ашылғаннан кейін қансонарға шығады. Түлкі мен қарсақ, қоян аулап, қызық қуады.

Қазақ жігітіне керекі: жүйрік ат, түзу мылтық, қыран құс, сулу жар, жақсы жолдас. Көңілі аңшылар алдына ала дайындалып, апталап сапарға шығады. Бұл салбуырын деп аталады. Кейде аңшылар отарға кеткен малдың артынан барып, халін біледі. Жол бойы салбуырын құрып, саят жасайды.

Қардан шөп ашу

Кейде қар қалың жауып, ұсақ малдың шөп жөуі қиында соғады. Қарды бузу керек. Әдетте соққан боран беткейдегі қарларды ұшырып кететіндіктен шөп ашылады. Ал боран болмаған кезде биік таудың етектеріне тас домалатып, көшкін түсіру арқылы қия бетті қардан тазартуға тырысады. Одан болмаса ұсақ малды жылқы үйірлеп жайылған жерлерге айдайды.

Отардан оралу

Қатты аяз қайтып, қар жұқарып, жер жылы бастағанда отардағы қостар да малын айдап ауылға оралады. Міне, бұл – көктемнің алғашқы белгісі.

Отар қостар жылқы қонып, малды жая шаршатпай жеткенше бірнеше күн кетугі мүмкін. Үйренген мал да бірден ауылға асығады. Әрине малмен өскен ауыл адамнасы табиғаттың өр өзгерісі таныс. Сол арқылы көктемнің қашан туатынын да біліп отырады.

Көктем келді

Осылайша, жон-жоң, адыр-адырдың жылға-жылғасынан су сылдырап ағып, жер бұсаңдады. Көк те шығады. Малдың аузы көкке жетіп, көк қуалай бастағанда күйек басталады, яғни төлдей бастайды. Әрі қарай қереқал көтеріп, жеріген төлді емізу және қарны тоймағандарды бір-біріне жайғызу деген жұмыс та басталады.



Жоғарыдағы суретте ер-тұрмаң, ноқта-жүген, қанқығаға байланған кестелі қоржын, арқан мен бүркіттің қолдығы бар. Қаңтару – тізгінді ердің жасына іліп байлау. Аттың басы жерге жетпейді, тартылып тұратындықтан жуас аттар тұра береді. Суретте ат теріс жағым, яғни қамшылар жағыммен тұр. Екінші жағын мінер жақ немесе сол жақ деп атайды. Жүгенде ауыздық пен тізгің, ноқтада шылбыр болады. Ал түйені киізбен қомдап, екі шом ағашпен қысып байлайды. Жүк артқаннан кейін ауып кетпеу үшін байлаған арқанға бұрау салып қатайтады. Түйені шөгеріп, алдыңғы екі тізесін байлап тастайды. Түйені түспап қоюға да болады. Ал атты түсайды, өрелейді, шідерлейді немесе арқандайды. Түйені қомдағанда не жүк артқанда кезде жағын арқан қиып кетпес үшін арқанға қолқа киізеді. Қолқа – киізден екі жағы тесік етіп жасалатын бұйым. Қолқа киізілген арқанды түйенің астына тастағанда үйренген түйелер шөге қалады. «Қолқа салу» деген сөзі осыдан шыққан.

сүзбесе, буыршын бұйдасын үзбейді» деген осыдан қалса керек.

Күйек маусымы

Малшы – өнімді қыста өсіріп, көктемде жемісін көретін халық. Мал қыста төлдеп, төлдің суыққа ұрынбауынан сақтану үшін күйік келген малға қошқар-текені қоспайды. Тек арнайы күйек байлап жібереді. Күздің басында қыркүйек айында күйек алынып, сұрыпталған өнеліктерге қосылады. Анығын айтқанда, қой-ешкілер төлін іште 6 ай көтеретіндіктен соған сай төлдейтін уақытын мөлшерлеп отырады.

Ал ірі қара малға күйек салынбайды. Алайда аталықтың ерте қосылып, сиырдың ерте қашуына, биенің ерте айғырдан шығуына, түйенің ерте қаюынан сақтанады.

Күзеу

Жайлауға алғашқы қар түскеннен кейін ауыл тау бауырына құлап, ойға жақын күзеуге орналасады. Күзеу кезінде ел жылылып қоныс тебеді. Той-томалақ, ас, нәзір-тілеу де сол кезде көбейеді. Ел қыстаудағы үйлерін жамп-жасқайды. Қораның қиын ойып, отын дайындайды. Сонымен қатар жігіттер шабындыққа кетсе, қыз-келіншектер киіз, арқан-жіп дайындап, қысқа керек заттарды жасайды.

Тау ішіндегі қораларды көбінесе тастан жинап, төбесін ағашпен тірейді. Үстің мал көңімен немесе күлмен

Соғым

Бұл – қыстаудағы алғашқы жұмыстың бірі. Малды семіз кезінде сойып, етін тұздап, көптіріп сүргейді. Осылайша келесі жазға дейін жейтін етті дайындап алады. Әдетте үлкен отбасылар соғымға бір-екі ірі қара, оншақты ұсақ мал сояды. Семіз қойды үйітіп те алады. Түтінге ыстайды. Осылайша қатты суық болмай тұрып, тошалайша келтіріп алады.

Қыста мал жаю

Бәрі алдын ала ойластырылады. Мысалы, қар түспей жел көп тимейтін, қар қалың түсетін шұңқырларға малды жайып алады. Ал бұта-бүргенді беттерге қар қалың түскенде жаяды.

Сонымен бірге әр күні аяз сынғаннан кейін малды өріске шығарып, жем-шөп үнемдейді. Қар қалың түскенде немесе боран соғып, қасат қар пайда болғанда алдымен жылқы малын өріске шығарады. Себебі тебіндеп, қарды теуіп шөпті аршып жейтін жылқының артынан сиыр мен қойды жаюға болады. Малшылар миіс аттарын бос қоя береді немесе жемдеп, күйлі ұстайды. Себебі мал жайғанда күш атқа түсетіні белгілі. Қатты терлеген аттарды жабулап, суықтан сақтайды. Түйені де жабулайды, әсіресе қаймалы інгендерді.

Бұра қыста жарайды

Қыста түйе түйеқұйрық, бұта-бүрген, теріскен секілді биік өсетін өсімдіктердің басын шалып жейді.



Ақпарат ашық дереккөзден алынды

Өзгеріс Бірыңғай уақыт белдеуі енгізіледі

Жыл бойы қазақстандық ғалымдар мен түрлі салалардың сарапшылары Қазақстан аумағында бірыңғай уақыт белдеуін белгілеу мәселесін зерттеді. Зерттей келе олар қазіргі сағат адам денсаулығына зиян екенін анықтады. Ал бұл өзгеріс халыққа қалай әсер етуде?



Жалпы Қазақстанда негізінен екі уақыт белдеуі қолданылады. Оның бірі – UTC+5 және екіншісі – UTC+6. Ақпан айында уақыт белдеуіне зерттеу үшін арнайы ведомстворалық жұмыс тобы құрылды. Олардың мәліметінше, UTC+6 уақыт белдеуі табиғи күн уақытына сәкес келмейді, сонымен қатар адам денсаулығына да зиян тигізетін көрінеді. Сондықтан сарапшылар ағазын биологиялық сағаттарын сақтау үшін ел бойынша UTC+5 бірыңғай уақытына көшуді ұсынып отыр.

– Атырау, БҚО, Маңғыстау, Ақтөбе және Қызылорда облыстары 4-ші сағат белдеуі UTC+4, UTC+1 орналасса, Астана, Шымкент қалалары мен қалған 14 облыс 5-ші уақыт UTC+5, UTC+1 белдеуінде. Адамның денсаулығы, экономика және қауіпсіздігі үшін табиғи уақытқа барына жақын және тұрақты UTC+5 уақыт белдеуі. Сондықтан қоғам белсенділері мен депутаттар осы мәселені көтеріп келеді, – дейді техникалық реттеу және метрология комитетінің төрағасы Қуаныш Елікбаев.

Бірыңғай уақыт белдеуіне көшу тек қана денсаулыққа ғана пайдасын беріп қоймай, өңірлер арасындағы уақытша кедергілерді де жоюды. Сондай-ақ коммуникациялар мен бизнес-процестерді үйлестіруді жақсартып, экономиканың дамуына және мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылына ықпал етеді. Бұл мәселе бойынша Парламент Мәжілісінің депутаты Еркін Әбіл депутаттық сауал жолдаған.

– Бірнеше жыл бойы бір топ азамат уақыт мәселесін көтеріп жүрді. Елімізде жалпы ШҚО болмаса, қалғандарында табиғи уақытпен айырмашылық бар. Мысалы, Қостанайда жазда 11-ге дейін күн батпайды. 11-ден кейін ғана 12-ге жақын күн бата бастайды. Бірыңғай белдеу болғасын басқару денсаулыққа да оң әсер етеді. Бір сағат және бірнеше сағат есебімен. Ал Қостанайда аудандарында екі сағатқа дейін жақын. Сол себепті осы мәселені көтеріп жүрген азаматтар біраз дауласып, облыстық әкімшілікті сотқа да берді. Сондықтан осы тақырыпты әлі күнге дейін көтеріп жүрміз. Басында қарсы болдым. Жалпы басында мен уақытты ауыстыруға емес, Астана мен ертүрлі белдеуде болуға қарсылық таныттым. Бұл экономикаға да әсер етеді, – дейді депутат Еркін Әбіл.

Жұмыс тобының зерттеуі халықаралық тәжірибені талдауды да қамтыды. Әлемдегі 175 ел қазірдің өзінде бірыңғай уақыт белдеуін пайдаланады. Сарапшылар бұл осы бастаманың өзектілігін көрсететінін де айтып өтті.

Осылайша енді Қазақстан Республикасының аумағындағы уақытты есептеу тәртібі туралы) Үкіметтің 2000 жылғы 23 қарашадағы №1749 қаулысына енгізілген өзгертулерге сәйкес, "Астана мен Алматының әкімдіктері, Шымкент, Ақмола, Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Шығыс Қазақстан облыстарында және Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарында 2024 жылы 29 ақпаннан 1 наурызға қараған түні (сағат 00:00-де) жергілікті уақыт 1 сағат артқа жылжиды.

Әлеуметтік желілерде тараған бұл хабарға халық та оң көзқарас танытып отырып байқалады. Себебі Астана, Алматы, ШҚО тұрғындары күн тез батып, қазіргі уақыт тұрғындарға да қолайсыз екенін айтады. Жалпы ұсыныстың қолдау тапқаны да халыққа пайдалы. Бұл шешім болашақта қазақстандықтардың денсаулығына да оң әсерін тигізіп, экономиканың дамуына да өз үлесін қосады деп үміттенеміз.

Қызықты деректерге тоқталсам, Ұлыбритания өз аумағында бірыңғай стандартты уақытты енгізу туралы шешім қабылдаған бірінші ел атанды. Содан кейін бұл бастамаға АҚШ, Жапония, Канада және Ресей сияқты басқа да елдер қосылды. Осылайша әлемде уақыт белдеуі пайда болды. XIX ғасырдың аяғында өткен халықаралық меридиандық конференцияда «нөлдік» меридиан нүктесі ретінде Гринвичтегі Британ обсерваториясын алып, Жерді 24 сағаттық аймақтарға бөлу туралы келісімге келді. Үндістан мен Непал арасындағы 15 минуттық уақыт туралы оқып, таңғалған шығарсыз. Непал өзінің еркіндігін көрсету үшін сағатын көршілес Үндістаннан 10 минут бұрын қоюды ұйғарды. 1986 жылы бұл непадықтар үшін жеткіліксіз болып көрінді және олар көршімен арадағы алшақтықты тағы 5 минутқа көбейтуді шешті.

Ақнұр БОЛАТҚЫЗЫ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
 жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директорының міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ
 Жалағаш аудандық
 “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы
 Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
 Бас директор - 8(7242) 70-00-36
 Бас редактор - 32-0-41
 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
 “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
 Газет әр аптаның *сейсенбі, сенбі күндері шығады.*
 Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
 Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
 Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
 Тел.: 8(7242) 40-06-68.
 Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісес 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 152